

Уақыт көшіне ілесіп келеді

Шежіре сыр шертеді

/мектеп тарихынан/

Қасиетті Ақкөл жайылманың бір пұшпағы «Екібастұз» совхозында елді елен еткізер елеулі оқиға болды.

Төртүй ауылында 1966-1967 оқу жылында тұңғыш рет орта мектеп ашылды.

Краснокутск аудандық оқу бөлімі оған директор етіп Шыңғыс Жиенбековты тағайындады. Оқу ісінің меңгерушісі қызметін Ұзақпай Ермұханбетовке міндеттеді. Алғашқы оқу жылынан бастап ақ 1-10 қазақ орыс-кларстары және кешкі жоғарғы орыс кларстары болды. Сол жылдары қазақ тілі мен әдебиетінен Қ.Қ. Құспеков, Е.Қ. Әліпов, географиядан Н.Д. Мұхитова, орыс тілінен М.Д. Махметова, химия-биологиядан Д.Т. Төлеубаева, дене шынықтырудан Х.Б. Мақашев дәріс берді. Сонымен қатар бастауыш кларстарда: Б.Н. Нығыманова, А.Б. Ибаділдина, М.М. Манапова сабақ оқытты. Бір ерекшелігі ұстаздардың басым көпшілігі оқу орнын жаңа тәмамдаған жастар еді.

Құрмет тақтасында

/әр жылдары қызмет атқарған

директорлар/

«Жаққан білім шырағын,
Құрметті тұлға-мұғалім!»

1. Шыңғыс Жиенбеков-Екібастұз орта мектебінің іргесін қалаған алғашқы директоры. СССР-дің, Қаз ССР-нің оқу-ағарту ісінің үздігі. Мектепті 1967-1973 жылдар аралығында басқарған, қазір құрметті демалыста.

2. Адам Мұхамеджанұлы Мұхамеджанов - Қаз ССР Халық ағарту ісінің үздігі. 1973-1976 жылдары Екібастұз орта мектебінің директоры қызметін атқарды/марқұм/.

3. Қасымов Ғали-Ақбар Нағманұлы. Қаз ССР-нің оқу ағарту ісінің үздігі, 14 жыл басшылық қызметте болған /марқұм/.

4. Қасеналин Ерлан Ермұратұлы, 1989-2003 жылдар аралығында мектеп ұжымын басқарған, қазір Құлақөл ауылының әкімі

5. Ибраев Жанат Қабыдуахитұлы, 2003 жылдан Екібастұз орта мектебінің

Өткені өнегелі, келешегі кемел Екібастұз жалпы орта білім беретін мектебінің іргетасы сонау 1929 жылы қасиетті Ақкөл жайылма өңіріндегі Төртүй ауылының шаңырақ көтеруімен қаланған. Ал қазіргі екі қабат ғимарат 1974 жылы қолданысқа беріліп, орыс-қазақ білім ордасы атанғаны социалистік құрылыстың жарқын көрінісі болып қала бермек.

Елімізде тәуелсіздік таңы атқан сәттен бастап-ақ Екібастұз жалпы орта білім беретін мектебі ұлттық мектепке айналды. Бүгінде мемлекетіміз бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосылуды мақсат етсе, бұл жолда біздің оқу орны республикадағы алдыңғы саптағы мектептердің қатарынан көріну үшін реформа талаптарын орындау үстінде, іздене жұмыс істеуде дей аламыз. Мұнда бүгінде 149 оқушы білім мен тәрбие алуда. Оларға 21 ұстаз сабақ береді. Оның ішінде жоғары білімдісі-13, арнаулы орта білімдісі-8, мектепте жоғары санатты-2, I-санатты-7, II-санатты 4 ұстаз дәріс береді.

Қазіргі заман талабына сай спортзал, тренажер бөлмесі, кітапхана, компьютерлік кабинет /интернет жүйесіне қосылған, электрондық оқулықтар/ тарихи-өлкетану мұражайы, шеберхана, асхана бар. Кітап-білім бұлағы. «Оқы, оқы және оқы», -деп Құран хадисінде де айтылған. Кітапхана қорында 9000-ға жуық кітап бар болса, оның 6000-нан астамы қазақ тілінде. 1-10 сыныптар түгелдей жаңа буын оқулықтарымен толық қамтылған. Шынықсаң-шымыр боласың демекші, денешынықтыру сабағының сапалы өтуіне қарынша жағдай жасалған. Осы мақсатта 2001 жылы 13000 теңгенің қажетті құрал-жабдықтары, 2002 жылы 233000 теңгенің тренажері, ал 2006 жылы 100 мың теңгеге

ды.

Әр оқу жылы оқу-тәрбие жұмысы жоспарының бағдарламасы жасалып, жанаша бағытта құрылып отырады. Сондай-ақ дәстүрлі шаралар да өтіп тұрады. Мысалы, «Білім күні», «Сонғы қоңырау», Мұғалімдер күні», «Наурыз тойы», «Түлектер кеші» және т.б. шаралар. Тағы бір айтар жай, оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесі қалыптасқан. Сонымен қоса үш пән бірлестігі, шығармашылық топ, озық іс-тәжірибе тарау және жас мамандар мектебі, әдістемелік кеңес өз жұмысын тұрақты ізденіспен атқаруда.

Мектеп ұжымы қалалық деңгейдегі түрлі іс-шараларға қатысуда. Мысалы, «Жас суретшілер», «Әкімшілік байқауы», «Ел бірлігі» фестивалінде жүлделі орындарға ие болуда. Ұстаздар қауымы кәсіптік сайыстарға қатысып, білім мен өнерін ұштап жүр.

«Өнер кәсі-жастаң» десек Абай

налық тарих пәні мұғалімі Б.Б. Ожаева дебат клубының жұмысына жақсы жолға қойып, игілікті іс атқаруа.

Сонымен терең білім мен сапалы тәрбие беру уақыт талабы десек, түлектеріміз лайықты білім деңгейін көрсетуде. 2003-2004 оқу жылында 20 оқушының 16-сы ҰБТ тапсырған болатын. Соның ішінде Г.Оспанова облыс әкімінің грантына ие болды. Сол жылы Қаусынова Дария негізгі мектепті үздік бітірді. Ал 2004-2005 оқу жылын 15 түлек аяқтап, оның 8-і ҰБТ тапсырды. Орташа ұпай -64, Асылва Нұргүл облыс әкімінің грантына ие болды. Өткен 2005-2006 оқу жылында 12 мектеп бітірушінің 10-ы ҰБТ таңдады. Нәтижесінде Құсайынова Дина мемлекеттік білім грантына, Д. Әбілқышова облыс әкімінің грантына қол жеткізді.

Оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыра білу өте маңызды. Сарапап қарасак 2005-2006

алды. Оларға үш мезгіл тегін тамақ берілді. Ал 5-8 сынып оқушыларын қамтыған «Жасыл желек» атты еңбек лагері мазмұнды сауықтыру шараларымен көзге түсті. Сондай-ақ қала, облыс, республика көлеміндегі лагерлерде оқушылардың демалып қайтуына жағдай жасау дәстүрлі іс. 2004 жылы сурет салу өнерінен бір оқушы бірнеше қалаларға саяхатқа шықты. Осы жылы 5 оқушы облыстық деңгейдегі лагерде демалып қайтты.

2005-2006 оқу жылында жазғы демалысын Көкшетау облысында өткізген оқушылар да бар.

Білікті маман-заман талабы. Мектебімізде білікті мамандар көптеп саналады. Тәжірибелі ұстаздар мектеп мақтанышына айналды. Мәселен, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Қазақ ССР білім беру ісінің үздігі Г.Ж. Жүсіпова. бастауыш сынып



директоры.

Қалдырған ізі мәңгілік

Қаз ССР-нің Халық ағарту ісінің үздіктері, ерен еңбегімен көзге түскен, орта мектеп көлемінде ұстаздық еткен, алды өмірден өткен, соңы бүгінгі күнде қызмет істеп жүрген ұлағатты ұстаздар.

1. Құспеков Қайыржан Құспекұлы /маркум/.
2. Ибаділлина Алтын /зейнеткер/
3. Өміржанова Мәрия Өміржанқызы /зейнеткер/
4. Төлеубаева Дәмеш /зейнеткер/
5. Мұхитова Нағима Дүйсенбайқызы /зейнеткер/
6. Жүсіпова Гүлшат Жүсіпқызы /зейнеткер/.
7. Исакова Ляля Төлеубайқызы /қазір жұмыс істеп жүр/.

Талаптың мініп тұлпарын

/Ғылым, өнер жолын қуған
түлектер/

1. Өубәкіров Байболат Абайұлы- сазгер, академик, экономика ғылымдарының докторы.
2. Шәйкенов Тәттім Егінбайұлы-биология ғылымдарының кандидаты, АҚШ-та қызметте.
3. Ақажанов Қайролла Қасенұлы - биология ғылымдарының кандидаты, Успенка ауданы әкімінің орынбасары.
4. Ақшев Төлеу Бөлешұлы-математика ғылымдарының кандидаты, ЕИТИ-де оқытушы.
5. Төлсубаев Бахриден Әділұлы- биология ғылымдарының кандидаты, ПМУ-де оқытушы.
6. Рахметов Рашид Абдоллаұлы - СССР Суретшілер Одағының мүшесі, СМУ-де дәріс береді.

гимнастикалық жаттығулар жасауға қажетті снарядтар сатып алынды. Пән кабинеттерінің уақыт талабынан көрінуі қолға алынған. 2001 жылы I бастауыш, информатика, бюджетті интернаттағы оқу бөлмесі, 2004 жылы қазақ тілі кабинеті жиһаздармен толықтырыл-

«Өнер көзі-жастан» десек, Абай оқуларына, ән байқауына қатысып, биіктен көрінген Балнұр Убабаева, өлең оқудан Гүлшат Қабылтаева, сурет салудан Зухра Тахирова, Анар Теміржан, би өнерінен Айзада Тұяқова, Ақжан Хамитовалар мектеп мақтаншы. Тағы бір жағымды жа-

нызды. Саралап қарасақ, 2005-2006 оқу жылының қорытындысы бойынша жаз айларында «Айгөлек» атты сауықтыру лагері мағыналы жұмыс жасады. Оған 70 мың теңге көлемінде жалпыға бірдей білім беру қорынан қорынан қаржы бөлініп, 1-5 сыныптардың 54 оқушысы дем-

Г.Ж.Жүсіпова, бастауыш сынып мұғалімі Л.Ж.Ысқақова, Қаз ССР білім беру ісінің үздігі, аға оқытушы, бастауыш сынып мұғалімі Н.Б.Дүйсенбаева өз кабинетін 2005-2006 оқу жылында аттестациядан өткізген өнегелі тәлімгер. «Денсаулық-зор байлық» демеуші, мектеп жанындағы дәріхана дәрі-дәрмекпен толық қамтылған және процедуралық кабинет бар. Онда тәжірибелі медбике Қ.Қ.Әжіғұлова жұмыс істейді.

1998 жылдан бастап мектептің бос қалған бір қанатына бюджеттік интернат үйі орналасты. Онда қазір Шиліқұдық, Мыңтоғар, Ақши ауылдарынан 28 тәрбиеленуші білім алууда. Оларды тасымалдауға 2005 жылы қала бюджетінен бөлінген қаржыға жаңа КАВЗ автобусы сатып алынды. Оқушылардың жатып орындары, тамағы тегін. Әр жыл сайын интернат қажетті құрал-жабдықтармен толықта. Атап айтқанда, 2003-2004 жылы 150 мың теңгенің төсек-орыны, 2004-2005 жылы 150 мың теңгенің жиһазы, 2005-2006 жылы 150 мың теңгеге кереует-диван, 2006-2007 жылы 100 мың теңгеге асханаға тоңазытқыш, электр плитасы, 210 мың теңгеге жиһаз алынды. Бір сөзбен айтқанда, интернат үйі оқу-тәрбие жұмысына лайық.

Шаңырақ көтергеніне 40 жыл толып отырған Екібастұз жалпы орта білім беретін мектебі оқу-тәрбие саласында алдағы уақытта да тың қозғалыстар жасамашы.

Жанат Ибраев, мектеп директоры

Бетті ұйымдастырған Қайролла Дүйсенбаев

Ұстаз туралы ой

«Ұстазыңды атаңнан да қадір тұт», деп халқымыз бекер айтпаған ғой. Шыны керек, әр кезде дәріс берген мұғалімнің бәрі бірдей кез келген шәкірт жүрегінде ұялап қалмайды.

*- Ұстаз - ол сенің тәрбиешің!
- Ұстаз - ол білім бұлағымен сусындатқан асыл жан!*

- Ұстаз - ол сенің екінші ата-анаң, жанашыр досың.

- Ұстаз болу - жүректің батырлығы,

Ұстаз болу - сезімнің ақындығы.

Ұстаз болу - сезімнің күн шуағы,

Ұстаз болу - адамның асылдығы!

деп ақын Ғафу Қайырбеков жырлаған қасиеттерді бойына жинаған асыл жандардың бірі - Семей өңірі, қасиетті Шыңғыстауда өмірге келіп, жер жәннаты Баянауылда шыңдалып, Қарқаралының ауасын жұтқан, саналы ғұмырының қырық жылын шәкірт тәрбиелеуге арнаған Шыңғыс Жиенбекұлы Жиенбеков.

Кезінде лауазымды қызметтер атқарған оның еңбек жолына, жетістігіне, білім саласындағы іскерлік әдіс-тәсіліне, табысына сараптама жасағалы отырғанымыз жок, ұстазды ерекше құрметке бөлеген, биікке көтерген қазіргі заманға ауадай қажет дүние, адамгершілік қасиеттеріне көз салуды парызымыз деп түсіндік. Шыған

қашанда елден ерек кішіпейіл мінезімен жұртқа ұнап, жүректі баурап алатын қарапайым да кесек тұлға. Ол мамандығы бойынша тарих пәнінен сабақ беретін, сол күнгі тақырыпты қысқа да нұсқа, қоғамдағы саяси-экономикалық, әдеби-мәдени жаңалықтармен қоса байланыстырып, құлаққа құйып беретін, тапсырманы сұрақ қою арқылы пысықтап, әрбір оқушымен тығыз байланыс орнататын. Мектеп директоры ретінде совхоздың қоғамдық жұмысына партия тарапынан араласып, коммунист ретінде белсенді насихат-үстіт жүргізуімен көзге түсетін. Тынымсыз жан тәрбие-оқу ошағы интернатқа да жиі бас сұғып, балалардың тұрмыс жағдайын жіті бақылап отыратын.

- қалдарың қалай? Тамақтарың дәмді ме?-деп фермадан келген балаларға қамқорлық танытатын. Директорымыз түн ұйқысын төрт бөліп, түннің бір мезгілінде келіп, интернатком міндетін атқаратын мені қасына ертіп, әрбір жатын бөлмені аралап, тексерістен өткізетін, сондайда балажандылығымен қоса жанашырлығы да сезілетін. Қашанда жылыжүзді, артық кетсек дауыс көтермейтін, ақыл-кеңесін айтып отырушы еді. Он алты жыл Екібастұз аудандық оқу бөлімін басқарған ұлағатты ұстаздың /ол

1980 жылдан Қаз ССР Халық ағарту ісінің үздігі, 1987 жылдан Кеңестер Одағының халық ағарту ісінің үздігі атанған/ асыл жары Д. Махметова да табиғат ерекше қабілет сыйлаған орыс тілі мен әдебиеті сабағының мұғалімі болатын. Оқушы психологиясын жете меңгерген, салдырлаған ақкөңіл, бұлақтай білімімен қоса адамды өзіне тартып, баурап алатын жылы жүректі абзал жан еді. Дәмет апай сабақ үстінде қасымызға жиі келіп, шашымыздан сипап, аркамыздан қағып, бауырына тартып:

-Сенен үміт күтем,- деп жігер беретін. Кейінірек сондағы тебіреністен туған мына өлең жолдарын арнағанбыз:

*Асыл сөз, тәрбиең өмірде,
Ой салып тұрады әр сағат.
Өзіңсің жүректің төрінде,
Қалдырған ізгілік махаббат.
Мерейің ауылы амандай,
Ыстықсың бүгінде асыл жан,
Ең жақсы теңеуді таба алмай,
Сағына толғанып жыр жазам.*

Қосылған қос өзендей қарт ұстаздарымызға ұзақ ғұмыр, бақытты өмір болғай. «Мектеп-кеме, білім-теңіз» десек, тәрбие-оқу жүйесіне өшпес із қалдырған, ғажап та көркем екі әлемнің түлектер жүрегінде жүргені шүбәсіз.

**Қ.Медеттегі,
Төртүй ауылы**